

Бекбулатова Индира Усеинқызының  
6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған  
«БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК  
ӘЛЕУЕТІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ»  
атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің  
ПІКІРІ

Бекбулатова Индира Усеинқызының диссертациялық зерттеу жұмысы болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруды зерттеуге арналған. Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру әлі күнге дейін зерттелмеген мәселелердің бірі.

Аталған мәселені зерттеу болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыруды ғылыми теориялық негіздеу және оның әдістемесін іске асырудың тетіктерін жасақтау болып табылады.

Автордың зерттеу жұмысында коммуникативтік әлеуеттің философия, психология және педагогика ғылымдарындағы мәні мен құрылымы, болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған. Сонымен қатар, И.У.Бекбулатова болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың моделін ұсынған.

Зерттеу жұмысында іргелі психологиялық-педагогикалық қордалаған еңбектерді зерттеу, талдау, дұрыс тұжырымдаулар негізінде автор болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастырудың тиімді бағдарламасының мазмұнын және оны іске асырудың әдістемесін ұсынған.

И.У.Бекбулатованың зерттеу барысында өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, өздігінен білімін жетілдіруге дайын, ой-тұжырымдауларды ғылыми тұрғыда негіздей алатын бәсекеге қабілетті маман екендігін көрсете білді. Зерттеу жұмысын орындау барысында диссертант өзін жауапкершілігі жоғары, зерттеу мақсаттарына қол жеткізу мен анықталған міндеттерді шешуде өзінің зерттеушілік қабілеттілігін, сондай-ақ, қажетті зерттеу әдістері мен алынған нәтижелерді тереңінен талдап, өзінің педагогика және психология салаларында терең білім иесі екендігін көрсетті. Өз мамандығына қызығушылығы жоғары, кәсіби өсуге ұмтылысы жоғары.

Докторанттың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін қалыптастыруда ағылшын тіліндегі пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша сұранысқа жауап беруі арқылы жоғары педагогикалық білім беруді дамытуға өзіндік қомақты үлесін қосады. Диссертацияның нәтижелерін оқу-тәрбие жүйесінде пайдалану тиімді.

Диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері бойынша Бекбулатова Индира Усеинқызының ғылыми еңбектері ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, Scopus компаниясының ақпараттық базасында тіркелген басылымда және халықаралық және отандық конференциялар жинақтарында жарық көрген. Сонымен қатар, бір электрондық оқулыққа авторлық куәлік алынған.

И.У.Бекбулатованың 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толығымен қанағаттандырады. Бекбулатова Индира Усеинқызының «Болашақ информатика мұғалімдерінің коммуникативтік әлеуетін ағылшын тіліндегі пәндерді оқытуда қалыптастыру» атты диссертациясын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 6D010000 – Білім беру (педагогикалық ғылымдар) диссертациялық Кеңесте жария түрде қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

Ғылыми Кеңесші,  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
Университетінің педагогика  
ғылымдарының кандидаты,  
доцент

